

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Психология кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: *Педагогикалық психология*

Орындаған: Құралбеков С.Ғ.

1-013 топ

Тексерген: Жакишева Г.С.

Қарағанды - 2015 ж



Жоспар:

I Кіріспе

II Негізгі бөлім

1. Педагогикалық психология пәні мен міндеттері.
2. Педагогикалық психология: қалыптасу тарихы.
3. Зерттеу әдістері.

III Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Педагогикалық психология – жалпы, жас ерекшелік, әлеуметтік психология, тұлға психологиясы, теориялық және практикалық педагогикаға негізделінген білімнің пәнаралық дербес саласы.



Педагогикалық психология – дамып келе жатқан ҒЫЛЫМ

Алғаш рет Ян Амос Коменскийдің 1657 жылы “Ұлы дидактика” еңбегінде жазылған педагогикалық ойлар, педагогикалық теорияның және мектептегі оқытуды мақсатты ұйымдастырудың дамуына жол бастады. Бұл еңбекті педагогикалық психологияның 250 жыл бұрын ұзақ қарама-қайшылықты дамуының алғашқы алғышарты ретінде де қарастыруға болады, өйткені тек ХІХ ғасырдың соңынан бастап қана ол дербес ғылым ретінде қалыптаса бастады.



Педагогикалық психология зерттейді:

- білімді, икемділік пен дағдыларды меңгеру заңдылықтарын; осы процестердегі жеке айырмашылықтарды;
- оқушылардың өз бетімен шығармашылық ойлауын қалыптастыру заңдылықтарын;
- бала психикасында оқыту мен тәрбиелеу әсерінен пайда болатын өзгерістерді;
- оқу процесін басқарудың психологиялық мәселелері мен танымдық процестерді қалыптастыруды;
- педагог пен оқушының өзара ара қатынас мәселелерін;
- оқушылар ара қатынасын.

Педагогикалық психологияның міндеттері:

- оқушының интеллектуалдық және тұлғалық дамуына оқытушылық және тәрбие берушілік әсердің механизмдері мен заңдылықтарын ашу;
- оқушының әлеуметтік-мәдени тәжірибені меңгеру механизмдері мен заңдылықтарын анықтау, оның оқушының жеке санасында сақталынуы және пайдалануы;
- оқушының интеллектуалдық және тұлғалық даму деңгейі мен оқытушылық және тәрбие берушілік ықпалдың формалары мен әдістер арасындағы байланысты анықтау;
- оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру мен басқару ерекшеліктерін анықтау;
- педагог қызметінің психологиялық негіздерін, оның жеке психологиялық және кәсіби сапасын зерттеу;
- ғылыми, теориялық ойлаудың механизмдері мен заңдылықтарын анықтау;
- білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде білім беру процесін әрі қарай жетілдірудің психологиялық негіздерін жасау.

Педагогикалық психологияның даму кезеңдері:

I кезең – XVII ғ. ортасы – XIX
ғ. аяғы

II кезең - XIX ғ. аяғы - XX ғ.
ортасы

III кезең - XX ғ. ортасынан
бастап



I кезең

Педагогикалық психологияның дамуына үлес қосқан ойшыл-педагогтар:

Ян Амос Коменский (1592-1670);

Жан Жак Руссо (1712-1778);

Иоганн Песталоцци (1746-1866); К.Д.

Ушинский (1824-1870) “Адам тәрбие пәні ретінде”;

П.Ф.Каптерев (1849-1922) “Дидактикалық очерктер. Білім беру теориясы”.

II кезең

П.Ф.Каптеревтың; Э.Торндайктың; Л.С.Выготскийдің;
А.П. Нечаевтың; А.Бине мен Б.Анридің; М.
Оффнердің; Э.Мейманның; В.А.Лайдың; Г.
Эббингауз; Ж.Пиаже; А.Валлон; Дж.Дьюи; С.
Фрэнсис; Э.Клапередтің зерттеулері ұсынылды.

Мейманның “Эксперименталдық психология
бойынша лекциялар” кітабы;


Дж.Селлидің “Балалар психологиясы бойынша
очерктер” атты еңбектерін жариялады.

III кезең

Б.Скин; Л.Н.Ланда; В.Оконь; М.И.Махмутов;
Дж.Дьюи; О.Зельц; К.Дункер; С.Л.
Рубинштейн; А.М.Матюшкин; П.Я.
Гальперин; Н.Ф.Талызина; А.К.Маркова; И.
И.Ильясов; Л.И.Айдарова; В.В.Рубцов сияқты
ғалымдар зерттеген.

Педагогикалық психологияның зерттеу әдістері

- Бақылау
- Әңгімелесу
- Сұхбат жүргізу
- Сауалнама
- Эксперимент
- Іс-әрекет (шығармашылықтың) өнімнің талдауы
- Тестілеу



Бақылау – адамды мақсатты, жүйелі зерттеудің эмпирикалық әдісі.

Әңгімелесу - педагогикалық психологияда адам туралы, онымен қарым-қатынас жасау, оның мақсаты бағытталған сұрақтарға жауаптарының нәтижесінде алудың эмпирикалық әдіс.

Сұхбат жүргізу - әңгімелесудің ерекше түрі ретінде, ол туралы хабарлар, сұхбат алынып отырған адам туралы ақпарат алу үшін ғана емес, басқа адамдар, оқиғалар т.б. мәліметтер алу үшін қолданылады.

Сауалнама – арнайы дайындалған жауаптар және зерттеудің негізгі міндетіне сәйкес сұрақтар негізінде ақпарат алудың эмпирикалық әлеуметтік-психологиялық әдісі.

Эксперимент – ғылыми зерттеудің педагогикалық психологияда кеңінен таралған эмпирикалық әдісі.

Іс-әрекет нәтижелерін талдау – адамды оның іс-әрекетінің материалдық және идеалдық өнімдер интерпретациялау, талдау, заттансыздыру арқылы эмпирикалық зерттеу әдісі.

Тестілеу – психодиагностикалық процедура, тестілер жүргізу.

Қорыта келе, педагогикалық психология өзінің жеке пайда болу және даму тарихы бар, оны талдау-зерттеу пәнінің мәні мен ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді.



Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ. Жалпы психология
Алматы: 2004 ж.
2. Педагогикалық және жас ерекшелік психологиясы
Алматы: Мектеп 1987 ж.
3. Айтышева А.М. “Психологиялық кеңес беру тәсілдерін оқыту үрдісінде ”